

**Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспарын (Жол картасын) орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 наурыздағы N 274 Қаулысы

Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы N 264 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспарын (Жол картасын) (бұдан әрі - Жол картасы) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жол картасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшылары Іс-шаралар жоспарының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) бір апта мерзімде мемлекеттік органдардың, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын **ө з і р л е с і н** және **б е к і т с і н**.

2) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне **ұ с ы н с ы н**.

5. Іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырыстарында жылына екі рет, бірінші және үшінші тоқсандар өткен соң Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұсынысы бойынша қаралады деп белгіленсін.

5-1. Іс-шаралар жоспарынан туындайтын дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 41-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған ерекше тәртіппен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

**Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.05.06 N 635 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

6. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысына Іс-шаралар жоспарының орындалған тармақтарын бақылаудан алу туралы шешім қабылдау құқығы берілсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысына жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2009

жылғы

10

наурыздағы

N 274

қаулысымен

бекітілген

**Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспарын (Жол картасын) орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары**

**Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 303 Қаулысымен.**

Р/с N	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушылар	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.1. Жол картасын іске асыру тетіктері				
1	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен Жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - ВАК) құру, оның міндеттері мен функцияларын айқындау	Еңбекмині, мүдделі мемлекеттік органдар	ҚР Үкіметінің қаулысы	2009 жылғы 12 наурыз
2	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде жұмыспен қамту, қызметкерлердің ықтимал босатылу картасын әзірлеу және экономикалық қызмет түрлері (салалар) бойынша жаңа жұмыс орындарын құруға қажеттілікті айқындау	Еңбекмині, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ҚР Үкіметіне есеп	2009 жылғы 21 наурыз
3	Жергілікті бюджеттердің шығыстарын оңтайландыру және оларды Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің	ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың,	ҚР Үкіметіне есеп	

	іс-қимыл жоспарының (Жол картасының) (бұдан әрі - Жол картасы) іс-шараларын бірлесіп қаржыландыруға қайта жіберу	Астана және Алматы қалаларының әкімдері		2009 жылғы 21 наурыз
4	Республикалық және жергілікті бюджеттер тарапынан бірлесіп қаржыландыру өлшемдерін (республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы бірлесіп қаржыландырудың тепе-теңдігінің шекті мәндерін) әзірлеу	ЭБЖМ	ҚР Үкіметіне есеп	2009 жылғы 27 наурыз
5	Құрылатын жаңа жұмыс орындарының санын көрсете отырып, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде Жол картасын бағыттар бойынша қаржыландырудың жалпы лимиттерін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізу	Еңбекмині, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	РБК отырысының хаттамасы	2009 жылғы 30 наурыз
6	Жергілікті атқарушы органдардың жанынан Жол картасын іске асыруды үйлестіру және оның мониторингі жөніндегі комиссияларды (бұдан әрі - жергілікті комиссиялар) құру	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Еңбекминіне ақпарат	2009 жылғы 12 наурыз
7	Экономикалық қызмет түрлері бойынша ірілендірілген топтарды, кәсіптер мен мамандықтарды айқындау	Еңбекмині, БҒМ	ҚР Үкіметіне есеп	2009 жылғы 21 наурыз
8	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде республикалық бюджеттік бағдарламалардың бағыттар бойынша жауапты әкімшілерін көрсете отырып, Жол картасының іс-шараларын қаржыландыруды бөлу туралы ұсыныстар енгізу	Еңбекмині, ЭБЖМ, БҒМ, КҚМ, ЭМРМ, ДСМ, ИСМ, Қаржымині, "Самұрық-Қазына ҰӘҚ" АҚ	РБК отырысының хаттамасы	2009 жылғы 15 сәуірге дейін
9	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде Жол картасын іске асыру үшін кадрлар даярлау мен қайта даярлау жоспарын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу	БҒМ, Еңбекмині, ДСМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ҚР Үкіметіне есеп	2009 жылғы 30 сәуір
10	Республикалық бюджеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған шығыстарын ұлғайту үшін, оның ішінде кемінде 140 млрд. теңге - өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау мәселелері бойынша Жол картасын іске асыруға "Ұлттық қордан нысаналы трансферт бөлу туралы" ҚР Президенті Жарлығының жобасын әзірлеу	ЭБЖМ, Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша)	ҚР Президенті Жарлығының жобасы	2009 жылғы 16 наурыз
11	Бюджет шығыстарын оңтайландыруды және 2009 - 2010 жылдары Ұлттық қордан әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған бюджет шығыстарын ұлғайту үшін, оның ішінде кемінде 140 млрд. теңге - өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау мәселелері бойынша Жол картасын іске асыруға нысаналы трансферт бөлуді көздей отырып, "2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет	ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына ҰӘҚ" АҚ, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ	ҚР Үкіметінің қаулысы	

	туралы" Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын әзірлеу			2009 жылғы 18 наурыз
12	Отандық өндірушілерден сатып алудың жиынтық жоспарын және Жол картасын іске асыру үшін отандық өндірісті дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын қалыптастыру	ИСМ, Қаржымині, Еңбекмині, ЭБЖМ, ККМ, ЭМРМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ	ҚР Үкіметіне есеп	2009 жылғы 30 сәуір
13	Өңірлер, жобалар және нақты бағыттар бөлінісінде Жол картасының бағыттарын іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін айқындау	Еңбекмині, ЭБЖМ, БҒМ, ККМ, ЭМРМ, ДСМ, ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ҚР Үкіметіне ақпарат	2009 жылғы 15 сәуір
14	Жол картасын іске асыру жөніндегі есептерді беру	Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ҚР Үкіметіне есеп	В А К отырысының кестесіне сәйкес
15	Жол картасын іске асыруды республикалық және жергілікті деңгейлерде ақпараттық қолдаудың медиа-жоспарын әзірлеу	МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Премьер-Министрдің өкімі	2009 жылғы 30 сәуір
16	Жол картасының іске асырылу барысы туралы есептерді жариялау	МАМ, Еңбекмині, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ҚР Үкіметіне есеп	ай сайын
17	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің сайтында Жол картасын іске асыру мәселелері бойынша арнайы бөлім ашу	Еңбекмині, АБА, мүдделі мемлекеттік органдар	ҚР Үкіметіне есеп	2009 жылғы 26 наурыз
18	Жол картасы шеңберіндегі жобаларды іске асыруға ӘКК-нің қатысу тетіктері туралы ұсыныстар енгізу	ЭБЖМ, "Самұрық-Қазына ҰӘҚ" АҚ, мүдделі мемлекеттік органдар	ҚР Үкіметіне есеп	2009 жылғы 10 сәуір
1.2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін (сумен жабдықтау және кәріз, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау) қайта жаңарту және дамыту				
19	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының және нақты объектілер бөлінісінде бағыттар бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін жөндеуге, қайта жаңартуға және дамытуға қажеттіліктерді айқындау	ЭМРМ, ИСМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Еңбекминіне ақпарат	2009 жылғы 6 сәуір
	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде кәсіптер мен мамандықтардың ірілендірілген топтары бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін қайта	Облыстардың, Астана және Алматы		

20	жаңарту және дамыту үшін еңбек ресурстарына және кадрларды қайта даярлауға қажеттіліктерді айқындау және оларды даярлау және қайта даярлау жоспарына ұсыныстар енгізу	қалаларының әкімдері	Еңбекминіне, БҒМ-ға ақпарат	2009 жылғы 17 сәуір
21	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін қайта жаңарту және дамыту үшін тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қажеттіліктерді айқындау және оларды отандық өндірушілерден сатып алу жоспары бойынша, сондай-ақ отандық өндірісті дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ұсыныстар енгізу	ЭМРМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ИСМ-ге ақпарат	2009 жылғы 17 сәуір
1.3. Мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді жөндеу және жылылау				
22	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының және нақты объектілер бөлінісінде бағыттар бойынша мектептердің, ауруханалардың және басқа да әлеуметтік объектілерді жөндеуге қажеттіліктерді айқындау	БҒМ, ДСМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, ӘКК	Еңбекминіне ақпарат	2009 жылғы 6 сәуір
23	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде кәсіптер мен мамандықтардың ірілендірілген топтары бойынша мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді жөндеу үшін еңбек ресурстарына және кадрларды қайта даярлауға қажеттіліктерді айқындау және оларды даярлау және қайта даярлау жоспары бойынша ұсыныстар енгізу	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, ӘКК	Еңбекминіне, БҒМ-ға, ДСМ-ге ақпарат	2009 жылғы 17 сәуір
24	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді жөндеу үшін тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге қажеттіліктерді айқындау және оларды отандық өндірушілерден сатып алу жоспары бойынша, сондай-ақ отандық өндірісті дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ұсыныстар енгізу	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, ӘКК	ИСМ-ге ақпарат	2009 жылғы 17 сәуір
1.4. Республикалық және жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеу, қайта жаңарту және салу				
25	Жол-жөндеу жұмыстарын жүргізу технологияларын талдау және әзірленген өлшемдерді ескере отырып барынша тиімділерін таңдау	КММ	ҚР Үкіметіне есеп	2009 жылғы 18 наурыз
26	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының және нақты объектілер бөлінісінде бағыттар бойынша жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарын жөндеуге, қайта жаңартуға және салуға қажеттіліктерді айқындау	ККМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Еңбекминіне ақпарат	2009 жылғы 6 сәуір
27	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде кәсіптер мен мамандықтардың ірілендірілген топтары бойынша жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарын жөндеу, қайта жаңарту және салу үшін еңбек ресурстарына және кадрларды қайта даярлауға қажеттіліктерді айқындау және оларды даярлау және қайта даярлау жоспары бойынша ұсыныстар енгізу	ККМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Еңбекминіне, БҒМ-ға ақпарат	2009 жылғы 17 сәуір

28	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарын жөндеу, қайта жаңарту және салу үшін тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қажеттілікті айқындау және оларды отандық өндірушілерден сатып алу жоспары бойынша, сондай-ақ отандық өндірістерді дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ұсыныстар енгізу	ККМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ИСМ-ге ақпарат	2009 жылғы 17 сәуір
1.5. Әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар практикасы бағдарламасын кеңейту				
29	Жұмысқа орналастырудағы өңірлік қажеттілікті ескере отырып, әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар практикасын пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі ұсыныстарды ВАК-тың қарауына енгізу	Еңбекминіне, БФМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ВАК отырысының хаттамасы	2009 жылғы 30 сәуір
1.6. Қалалардағы, кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі басым әлеуметтік жобаларды қаржыландыру				
30	Қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық), округтердің бөлінісінде бағыттар бойынша әлеуметтік-мәдени объектілерді жөндеуге және қайта жаңартуға қажеттіліктерді айқындау	МАМ, ТСМ, ККМ, АШМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, аудандардың әкімдері	Еңбекминіне ақпарат	2009 жылғы 6 сәуір
31	Қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер бөлінісінде кәсіптер мен мамандықтардың ірілендірілген топтары бойынша әлеуметтік-мәдени объектілерді жөндеу және қайта жаңарту үшін еңбек ресурстары мен қайта даярлауға қажеттілікті айқындау және оларды даярлау мен қайта даярлау жоспары бойынша ұсыныстар енгізу	МАМ, ТСМ, ККМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Еңбекминіне, БФМ-ға ақпарат	2009 жылғы 17 сәуір
32	Қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер бөлінісінде әлеуметтік-мәдени объектілерді жөндеу және қайта жаңарту үшін тауарларға, жұмыстарға қажеттілікті айқындау және оларды отандық өндірушілерден сатып алу жоспары бойынша, сондай-ақ отандық өндірістерді дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ұсыныстар енгізу	МАМ, ТСМ, ККМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ИСМ-ге ақпарат	2009 жылғы 17 сәуір
33	Ауыл халқына шағын кредиттер беруді ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды қарау	ИСМ, АШМ, Қаржымині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ВАК отырысының хаттамасы	2009 жылғы 17 сәуір
1.7. Жұмыстан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдердің ең жоғары кезеңін ұлғайту				
34	Жұмыстан айырылған жағдайда Әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорынан 2009 және 2010 жылдары әлеуметтік төлемдердің ең жоғары кезеңін төрт айдан алты айға дейін ұлғайту бөлігінде "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" ҚР Заңына	Еңбекмині	ҚР Үкіметінің қаулысы	

	өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасын әзірлеу			2009 жылғы 20 сәуір
1.8. Кадрларды даярлау және қайта даярлау				
1.8.1. Жол картасы шеңберіндегі жобаларды іске асыру үшін кадрларды қайта даярлау (100 мың адам)				
35	Еңбек нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім беру басқармалары басшыларының қатысуымен кадрларды қайта оқыту курстарын ұйымдастыру туралы кеңестер өткізу	БҒМ, Еңбекмині, Қаржымині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Ұсыныстар, нұсқаулық хат	2009 жылғы 18 сәуір
36	Кадрларды қайта оқыту жөніндегі қысқа мерзімді курстарды ұйымдастыру жөніндегі оқу жоспарлары мен бағдарламаларын білім беру саласындағы уәкілетті органдармен келісу	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Оқу жоспарлары мен бағдарламалары. Еңбекминіне ақпарат	2009 жылғы 30 сәуір
37	Кадрларды қайта оқыту курстарын өткізуге жауапты оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің тізімін жасау және бекіту	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің тізімі. Еңбекминіне, БҒМ-ға ақпарат	2009 жылғы 30 сәуір
38	Жергілікті атқарушы органдар мен кәсіпорындар арасында кадрларды қайта оқытуды ұйымдастыру жөнінде келісімдер дайындау және оларға қол қою	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, кәсіпорындар	Келісімдер. Еңбекминіне, БҒМ-ға ақпарат	2009 жылғы маусым
39	Кадрларды кейіннен жұмысқа орналастыру туралы ақпаратпен бірге оларды қайта оқыту туралы есеп беру.	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	БҒМ - ға, Еңбекминіне ақпарат	Ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін
1.8.2. Макроөңірлерді экспорттық мамандандыруды іске асыру үшін мамандар даярлау (23,5 мың адам)				
40	<b>Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 303 Қаулысымен.</b>			
41	Салалар мен өңірлер бойынша экономика қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіптер мен мамандықтар бөлінісінде техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайту	БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің қаулылары. Еңбекминіне, БҒМ-ға ақпарат	2009 жылғы сәуір - мамыр
42	Техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің қаулылары. Еңбекминіне, БҒМ-ға ақпарат	2009 жылғы маусым
43	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде талапкерлер қабылдау туралы есеп беру	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	БҒМ-ға ақпарат	2009 жылғы қыркүйек
44	Мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына	БҒМ		

	білім алушыларды қабылдау қорытындылары туралы есеп беру		ҚР Үкіметіне ақпарат	2009 жылғы қыркүйек
45	Толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған қызметкерлерді қайта даярлау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер енгізу туралы" заң жобасын әзірлеу	Еңбекмині, БҒМ	ҚР Үкіметінің қаулысы	2009 жылғы 20 сәуір
1.8.3. Шетелдік мамандарды алмастыру (23,0 мың адам)				
46	Тартылатын шетелдік жұмыс күшінің мамандықтары (лауазымдары) мен олардың сандық құрамын көрсете отырып, өңірлер мен салалар бөлінісінде шетелдік жұмыс күшін тартатын кәсіпорындар тізбесін айқындау	Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	БҒМ-ға ақпарат	2009 жылғы наурыз
47	Шетелдік мамандарды алмастыру мақсатында қазақстандық кадрларды қайта оқытуды ұйымдастыру үшін жұмысшы кәсіптер мен мамандықтар тізбесін айқындау	Еңбекмині	БҒМ-ға ақпарат	2009 жылғы 2-тоқсан
48	Жергілікті атқарушы органдар мен шетелдік жұмыс күшін тартатын кәсіпорындар арасында кадрларды қайта оқытуды ұйымдастыру жөніндегі келісімдерге қол қою	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	БҒМ-ға ақпарат	2009 жылғы маусым
49	Шетелдік мамандарды алмастыру мақсатында қазақстандық кадрларды жұмысшы мамандықтар мен кәсіптер бойынша қайта оқыту үшін курстар ұйымдастыру	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, оқу орталықтары	БҒМ-ға ақпарат	Жыл бойы
50	Жергілікті атқарушы органдардың, оқитын адам мен жұмыс берушінің арасындағы шетелдік мамандарды алмастыру мақсатында қайта оқыту жөніндегі өзара міндеттемелері туралы үш жақты үлгі шартты әзірлеу	Еңбекмині, БҒМ, ЭМРМ	Үлгі шартты бекіту туралы бірлескен бұйрық	2009 жылғы 30 сәуір
51	Кадрларды қайта оқыту және шетелдік мамандарды қазақстандықтармен алмастыру туралы есеп беру	БҒМ, Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ҚР Үкіметіне ақпарат	2009 жылғы 4-тоқсан
1.9. Жол картасын іске асырудың инфрақұрылымы				
52	Өңірлік жұмыспен қамту орталықтарының қызметін кеңейту жөніндегі жұмыс тобының отырысына ұсыныстар енгізу	Еңбекмині	ҚР Үкіметіне есеп	2009 жылғы 27 наурыз
53	"Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне нысаналы топтарды кеңейту, босаған қызметкерлердің, ЖОО, колледждер мен кәсіптік лицейлерді бітірушілердің жұмыспен қамту органдарының қызметтерін алуына құқық беру, жұмыс берушінің қызметкерлерді алда болатын жаппай қысқарту туралы хабарламасының мерзімін ұлғайту, жұмыс берушінің жұмыспен қамту органдарын толық емес жұмыс уақыты режиміне көшу және осындай режимге көшкен қызметкерлер	Еңбекмині	ҚР Үкіметінің қаулысы	



	саны туралы хабарлауы жөніндегі міндеттемелерді енгізу бөлінісінде өзгерістер енгізу туралы" заң жобасын әзірлеу			2009 жылғы 20 сәуір
1.10. Отандық өндірушілерді қолдау				
54	Өңірлер бөлінісінде Жол картасы шеңберіндегі жұмыстарды іске асыру үшін Отандық өндірушілер, әлеуетті өнім берушілер тізбесін (картасын) әзірлеу	ИСМ, ЭМРМ, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер	ҚР Үкіметіне есеп	2009 жылғы 30 сәуір
55	Өңірлер, бағыттар мен нақты жобалар бөлінісінде Жол картасы шеңберіндегі жобаларды іске асыру үшін тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге деген қажеттілікті жинақтау	ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер	ҚР Үкіметіне есеп	2009 жылғы 20 мамыр
56	Жол картасы бағыттарын іске асыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстанда өндірілмейтін немесе жеткіліксіз дамыған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді айқындау	ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер	ҚР Үкіметіне есеп	2009 жылғы 20 мамыр
2. Агроөнеркәсіп кешенін жеделдетіп дамыту және "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" бағдарламасының екінші бағытын іске асыру <b>Ескерту. 2-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 303 Қаулысымен.</b>				
3. Инфрақұрылымдық және индустриялық жобаларды іске асыру				
59	Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі жоспарға өзгерістер енгізу	ЭБЖМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ИСМ, ЭМРМ, ККМ	ҚР Үкіметінің қаулысы	2009 жылғы 6 сәуір
60	Жобалардың іске асырылу тиімділігі көрсеткіштерін айқындау	ЭБЖМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ИСМ, ЭМРМ, ККМ	ҚР Үкіметіне ақпарат	2009 жылғы 6 сәуір

### Е с к е р т п е :

аббревиатуралардың

толық

жазылуы:

ҰБ

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

ИСМ

- Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда  
министрлігі

ДСМ

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
министрлігі

МАМ

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігі

ТСМ

- Қазақстан Республикасы Туризм және спорт

БҒМ	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қоршаған орта министрі	- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
АШМ	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ККМ	- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
Еңбек министрі	- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Қаржы министрі	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ЭБЖМ	- Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ЭМРМ	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
АБА	- Қазақстан Республикасы Ақпарат және байланыс агенттігі
РБК	- Республикалық бюджет комиссиясы
ВАК	- ведомствоаралық комиссия
"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ	- "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы
"Самұрық - Қазына"	
ҰӘҚ"АҚ	- "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы
ӘКК	- әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар